

Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 27 қазандағы N 222 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 8 желтоқсанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4479 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008 жылғы 22 тамыздағы N 117 Қаулысымен.

Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау Агенттігі Басқармасының 2008.08.22 N 117 Қаулысымен.

Бұйрықтан үзінді

" Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңының 41-бабының 4-тармағына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 5-бабына және 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

- 1
2. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің күші жойылды деп танылсын.
3. Осы қаулы 2008 жылғы 1 қазаннан бастап қолданысқа енгізіледі.
- 4 ;
- 1) ;
- 2)
- 5
- 6
7. ...

Төрайым *Е. Бахмутова*

Қазақстан *Республикасы* *Қаржы*
нарығын *және* *қаржы* *ұйымдарын*
реттеу *мен* *қадағалау* *агенттігі*
Басқармасының
2008 жылғы *22 тамыздағы*
N 117 қаулысына қосымша
Күші жойылды деп танылатын нормативтік құқықтық
актілердің тізбесі

1. Агенттік Басқармасының "Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 27 қазандағы N 222 қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4479 тіркелген)

2

3. ...

Жинақтаушы зейнетақы қорларының қызметін пруденциалдық реттеу мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық кесімдерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік маңызы, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес нормативтік құқықтық кесімдер күшін жойды деп танылсын.

3. Осы қаулы 2006 жылғы 15 желтоқсаннан бастап қолданысқа енгізіледі.

4. Агенттік Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы" 2005 жылғы 26 қарашадағы N 412 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3995 тіркелген) , Агенттік Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және

қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4299 тіркелген) енгізілген өзгерістері мен толықтырулары бар Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 3868 тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

қ о с ы м ш а д а ғ ы :

5-тармақ алып тасталсын.

5. Бағалы қағаздар нарығының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізу шараларын қ о л ғ а а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, "Активтерді басқарушылар қауымдастығы" қауымдастық нысанындағы заңды тұлғалар бірлестігіне, зейнетақы активтерін инвестициялық басқару бойынша қызметтер көрсететін бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына жіберсін.

6. Агенттіктің Халықаралық қатынастар және жұртшылықпен байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға алсын.

7. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л.Бахмутоваға жүктелсін.

Төраға

Қазақстан Республикасы Қаржы
нарығын және қаржы ұйымдарын
реттеу мен қадағалау агенттігі
Басқармасының
2006 жылғы 27 қазандағы
N 222 қаулысына 1-қосымша

**Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған
пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні,
олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулық**

Осы Нұсқаулық "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 41-бабының 4-тармағына, "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 9-бабының 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорлары (бұдан әрі - Қор) сақтауы міндетті пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні мен есеп айырысу әдістемесін белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Нұсқаулықта мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) ақшалай эквиваленттер - алдын-ала белгілі ақша сомасына жеңіл айналатын және олардың құнының елеусіз ғана өзгеріс тәуекеліне душар болатын қысқа мерзімді жоғары өтімді салымдар. Ақшалай эквиваленттер қатарына екінші деңгейдегі банктердегі салымдарға инвестициялар және қысқа мерзімді өтеу мерзімі бар басқа инвестициялар (сатып алғаннан бастап үш айдан артық емес) жатады. Ақшалай эквиваленттер түріндегі инвестицияларды жіктеу " Ақша қаражаты қозғалысы туралы есептер" халықаралық қаржылық есеп берудің 7-ші стандартына сәйкес жасалады;

2) валюталық тәуекел - зейнетақы активтерін басқару қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар қор немесе зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйым (бұдан әрі - ұйым) өз қызметінде шетел валюталарының өзгеруіне байланысты шығыстардың (зиянның) пайда болу тәуекелі. Шығыстардың (зиянның) пайда болу қаупі валютаның құнын көрсету бойынша позицияларды қайта бағалаудан туындайды;

3) кредиттік тәуекел - заемшының (эмитенттің) бағалы қағаздар шығарылымының (облигациялар, мемлекеттік міндеттемелер және басқалар) талаптарында белгіленген мерзімде кредиторға (инвесторға) тиесілі негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлемеу негізінде пайда болған шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі. Кредиттік тәуекелге сондай-ақ әріптестің своптар, опциондар және бағалы қағаздар бойынша есеп айырысуды реттеу кезеңіндегі міндеттемелерді орындамауына байланысты пайда болған жоғалтулар тәуекелі кіреді;

4) қордың тәуекелі - акциялардың рыноктық құнына ықпал ететін қаржы рыноктарының талаптары өзгерген жағдайда пайда болатын акциялар құнындағы өзгерістер негізінде пайда болатын тәуекел;

5) меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициенті - осы Нұсқаулыққа сәйкес есептелген Қордың меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің жиынтығы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 27-қазандағы N 223 қаулысына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде N 4480 тіркелген) сәйкес есептелген Қордың меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенттерінің жиынтығы;

6) пайыздық тәуекел - мыналарды қосқандағы сыйақы мөлшерлемесінің тиімсіз өзгеруі салдарынан шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі:

орналастырылған активтердің (белгіленген сыйақы мөлшерлемесі кезінде) өтеу мерзімдерін сақтамауға байланысты жалпы пайыздық тәуекел;

басқа тең талап жағдайында ұқсас бағалау сипаты бар бірқатар құралдар арқылы сыйақы алынатын және төленетін есептеу мен түзетудің әртүрлі әдістемелерін қолдануға байланысты ерекше пайыздық тәуекел;

7) рыноктық тәуекел - қаржы рыноктарының тиімсіз қозғалысына байланысты шығыстардың (зияндардың) пайда болу тәуекелі. Рыноктық тәуекелдің макроэкономикалық тәуекелі бар, рыноктық тәуекелдердің негізгі көзі қаржы жүйесінің макроэкономикалық көрсеткіштері болып табылады. Рыноктық тәуекел пайыздық, валюталық және қор тәуекелдерінің жиынтығын береді;

8) уәкілетті орган - қаржы рыногын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік орган.

Ескерту: 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен

2. Осы Нұсқаулықтың мақсаты үшін уәкілетті орган Standard & Poor's агенттігінің рейтинг бағасынан басқа сондай-ақ Moody's Investors Service және Fitch рейтинг агенттігінің бағасын және басқа еншілес рейтинг ұйымдарының рейтинг бағасын таниды.

2-тарау. Меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициенті

3. Осы Нұсқаулықтың 1-тармағының б) тармақшасында көрсетілген меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициентінің мәні күн сайын мынадай болу тиіс:

1) 2007 жылдың 1-қаңтарынан бастап - 0,01 кем емес;

2) 2008 жылдың 1-қаңтарынан бастап - 0,04 кем емес;

3) 2009 жылдың 1-қаңтарынан бастап - 0,06 кем емес.

4. Осы Нұсқаулықтың 3-тармағының талаптарын орындау мақсатында активтері аталған ұйымдағы инвестициялық басқаруда болған Ұйым мен Қордың арасында меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт жасалуы мүмкін. Шарт жазбаша нысанда жасалады және оның құрамында мынадай мәліметтер болуы тиіс:

ұйымның K_1 коэффициентінің мәнінің меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентіне ара-қатынасы;

Активтері аталған ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған ұйымның K_1 коэффициентінің мәнінің меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентіне ара-қатынасы;

Активтері аталған ұйымның инвестициялық басқаруында тұрған ұйымның және Қордың K_1 коэффициенттерінің мәнінің меншікті капиталдың жеткіліктілік жиынтық коэффициентіне ара-қатынасын анықтау бөлігінде Шартқа өзгерістер енгізу, осындай өзгерістерді қолданысқа енгізу күнін көрсету, оның кезеңділігі.

Қор уәкілетті органға осы Шарт жасалған күннен бастап бір күн ішінде осы Шарттың көшірмесін жібереді.

Ұйым мен Қордың арасында меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентін сақтау туралы шарт жасалмаған жағдайда Қордың K_1 коэффициентінің мәні меншікті капиталдың жеткіліктілігінің жиынтық коэффициентінің жетпіс пайызынан кем болмауы тиіс.

K_1 коэффициентінің мәнін Қор күн сайын жұмыс күнінің аяғында анықтап отырады.

Ескерту: 4-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен

2-тарау. "Меншікті капиталдың жеткіліктілік"

1 пруденциалдық нормативі

5. Қордың меншікті капиталының жеткіліктілігі K_1 коэффициентімен сипатталады.

K_1 коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K_1 = (\Theta A - M) / MZA, \text{ мұнда}$$

ΘA - осы Нұсқаулықтың 6 және 7-тармақтарында көрсетілген өтімді және басқа активтер;

M - міндеттемелер ("репо" операциясын ашық сауда әдісімен өткізгенде, міндеттемелерге тек "репо" ашу сәтіне қор биржасының ішкі ережелеріне сәйкес анықталған "репо" объектісінің нарықтық құнының дисконт сомасы кіреді);

MZA - мына формула бойынша есептелетін тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген Қордың инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарының құны:

$$MZA = E(K * Kt) + ((Жпт + Епт) + E_{Ак} * 0,08 + Bт) + ПБ, \text{ мұнда } E(K * Kt) - \text{кредиттік тәуекел, мұнда}$$

K - қаржылық есеп берудің халықаралық стандарттарына сәйкес өтелгенге дейін ұсталатын санатқа енгізілген борыштық бағалы қағаздардың, сондай-ақ үш жылдан астам портфельде болатын борыштық бағалы қағаздардың, депозиттердің, тазартылған қымбат металдардың ағымдағы құны;

Kt - осы Нұсқаулықтың 1-қосымшасына сәйкес кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша мөлшерленген қаржы құралдарының тәуекел деңгейі;

$(Жпт + Епт) + E_{Ак} * 0,08 + Bт$ - рыноктық тәуекел, мұнда

$(Жпт + Епт)$ - осы Нұсқаулықтың 2-қосымшасына сәйкес есептелген ерекше пайыздық тәуекелдің және осы Нұсқаулықтың 3-қосымшасына сәйкес есептелген жалпы пайыздық тәуекелдің кредиттік тәуекел есебіне қабылданбаған борыштық бағалы қағаздар бойынша сомасын көрсететін пайыздық тәуекел.

$E_{Ак} * 0,08$ - қор тәуекелі, мұнда

$A_{Ак}$ - акциялардың, пайлардың ағымдағы құны,

$Bт$ - $B * 0,08$ ретінде анықталатын валюталық тәуекел, мұнда, шетелдік қолма-қол валютасындағы

B - шығару шарты бағалы қағаздардың айналымының барлық кезеңіне ұлттық валютаның белгіленген бағамы бойынша осы қаржы құралы бойынша ақша ағындарын белгілеуді көздейтін қаржы құралдарын қоспағанда, шетел валютасында номинирленген қаржы құралдарының, сондай-ақ, олар бойынша шетел валюталарының бағамдары өзгеруіне индекстелген номинал және/немесе купондық сыйақы, және бағалы металдардың ағымдағы құны;

ОЖК - формула бойынша есептелетін орташа алынған жалпы кіріс:

Е соңғы үш қаржы жылында алынған жалпы кіріс
ОЖК = -----
3

ОЖК мөлшері қаржылық есеп беруге сәйкес есепті жылдың бірінші айының бірінші күнгі жағдай бойынша жыл сайын есептеледі және қажет болғанда жыл сайынғы аудиттен кейін түзетіледі.

Ескерту: 5-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.12.24. N 271 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

6. Қордың мынадай активтері өтімді активтер ретінде танылады:

1) ақша және ақша эквиваленттері, оның ішінде:

кассдағы ақша;

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі ағымдағы шоттарындағы ақша;

Standard & Poor's агенттігінің немесе осыған ұқсас деңгейдегі басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-дан төмен емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді рейтингі бар резидент емес банктердің ағымдағы шоттарындағы ақша;

2) Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар;

3) акциялары листингтің аса жоғары санаты бойынша қор биржасының ресми тізіміне енгізілген немесе резидент емес еншілес банктер болып табылатын "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-дан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе "Standard & Poor's" агенттігінің "BB-" кем емес халықаралық шәкіл бойынша ұзақ мерзімді кредиттік рейтингі, немесе "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша "kzBBB" кем емес рейтинг бағасы, немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) бар, болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі салымдар;

4) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB"-дан кем емес ұзақ мерзімді және/немесе қысқа мерзімді, жеке рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар (

негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп), болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі резидент емес банктердегі салымдар;

5) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары (басқа мемлекеттердің заңнамасына сәйкес эмиссияланғандарын қосқанда) (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп);

6) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) листингтің аса жоғары санаты бойынша қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (Қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан және "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигацияларынан басқа), Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын, Қазақстан Республикасының және басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары;

7) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі қор биржасының ресми тізіміне енгізілген (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының ипотекалық облигациялары;

8) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі ұйымдасқан рыноктағы айналыстағы Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының инфрақұрылымдық облигациялары;

9) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі "Қазақстан Даму Банкі" АҚ облигациялары (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп);

10) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-дан кем емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шет мемлекеттердің бағалы қағаздары;

11) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-дан кем емес тәуелсіз рейтингі немесе

басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары;

12) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BBB-"-дан кем емес тәуелсіз рейтингі немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар шетелдік эмитенттердің акциялары;

13) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары ;

14) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-дан кем емес рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе шет мемлекеттің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдасқан рыноктарында айналысқа түскен "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі "kzBBB" кем емес рейтинг бағасы бар Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары, және Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын, болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) "Standard & Poor's" агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша "BB-"-дан кем емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі, немесе шет мемлекеттің немесе Қазақстан Республикасының ұйымдасқан рыноктарында айналысқа түскен "Standard & Poor's" ұлттық шәкілі бойынша немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі "kzBBB" кем емес рейтинг бағасы бар Қазақстан Республикасы ұйымдарының акциялары;

15) тазартылған кымбат металдар;

16) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) (қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ипотекалық облигациялардан басқа) листингтің аса жоғарыдан кейінгі санаты бойынша қор биржасының ресми тізіміне енгізілген Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын (оның ішінде басқа мемлекеттердің заңнамаларына сәйкес шығарылған бағалы қағаздар) Қазақстан

Республикасының заңды тұлғаларының мемлекеттік емес эмиссиялық бағалы қағаздары ;

17) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі (негізгі борыш пен есептелген сыйақы сомасын ескеріп) Алматы қаласындағы Өңірлік Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңында листинг рәсімінен өткен борыштық бағалы қағаздар ;

18) болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегергендегі (елу пайызға кемітілген) ашық және/немесе аралық пай инвестициялық қорларының пайлары;

19) Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын, қызметкерлердің және басқа тұлғалардың дебиторлық берешектерін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі (болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегеріп), оның ішінде:

Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын, қызметкерлердің және басқа тұлғалардың шарт талаптары бойынша үш күннен аспайтын мерзімге ұзартылған дебиторлық берешектерін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі (болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегеріп);

Қорға қатысты аффилиирленген тұлғалар болып табылмайтын, қызметкерлердің және басқа тұлғалардың шарт талаптары бойынша тоқсан күннен аспайтын мерзімге ұзартылған дебиторлық берешектерін шегергендегі заңды тұлғалардың дебиторлық берешегі (болуы мүмкін жоғалтулар резервін шегеріп) .

Осы тармақта көрсетілген бағалы қағаздар мынадай жағдайларда өтімді активтер есебіне қосылмайды :

Қор оларды қайта сатып алу шартымен сатқан немесе кепілге берген, немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес басқа жолмен ауыртпалық салған жағдайда ;

Қор автоматтандырылған "репо" нарығында қайта сату шартымен бағалы қағаздарды сатып алған жағдайда .

Ескерту: 6-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.12.24. N 271 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

7. Қордың мынадай активтері басқа активтер ретінде танылады:

1) Қордың баланстық құн бойынша негізгі қаражаты, оның ішінде: Меншік иелігінде болған немесе тұрақты жер пайдалану құқығы бар жерлер;

Меншік иелігінде болған үйлер мен ғимараттар;
Меншік иелігінде болған машиналар және жабдықтар;
2) баланстық құн бойынша бағдарламалық қамтамасыз ету.

8. Күнтізбелік жыл қорытындысы бойынша Қор оның номиналдық кірістік көрсеткіші мен кірістіліктің барынша төмен мәні арасындағы айырма есебін зейнетақы активтері бойынша барынша төмен деңгейден кем емес кіріс алуды қамтамасыз ету мақсатында дербес жасайды.

9. Қордың номиналды кірістілік көрсеткіші Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Зейнетақы активтерін инвестициялық басқаруды жүзеге асыратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтер туралы ережені бекіту туралы" 2006 жылғы 27-қазандағы N 223 қаулысына сәйкес (бұдан әрі - N 223 қаулы) есептелген K_2 номиналды коэффициентімен сипатталады.

10. Тиісті кезеңдегі барынша төмен кірістіліктің барынша төмен мәні барлық жинақтаушы зейнетақы қорлары үшін осы кезеңдегі орташа алынған номиналды кірістің түзетілген коэффициентінен N 223 қаулының 18-тармағымен белгіленген кірістіліктің ауытқуының төменгі шегіне тең жалпы шекті көрсетеді.

11. Күнтізбелік жыл соңында Қорда оның номиналды құнының көрсеткіші мен кірістіліктің барынша төмен мәнінің арасындағы теріс айырма бар болса, Қор осы айырманы кастодиан банктегі Қордың инвестициялық шотына тиісті ақша сомасы түрінде аударым жасау жолымен өтейді.

12. Қор кірістіліктің барынша төмен мәні мен K_2 коэффициенті арасындағы теріс айырманы алып тастау мақсатында кастодиан банктегі Қордың инвестициялық шотына аударым жасаған сомасы N 223 қаулының 19-тармағына с ә й к е с е с е п т е л е д і .

Қор кірістіліктің барынша төмен мәні мен K_2 коэффициенті арасындағы теріс айырманы алып тастау үшін өтейтін сомасын кастодиан банктегі инвестициялық шотына есеп айырысу жасалатын жылдан кейінгі жылдың 1-ақпанына дейінгі мерзімде аударым жасауы тиіс.

13. Қор кірістіліктің барынша төмен мәні мен K_2 коэффициенті арасындағы теріс айырманы алып тастайтын соманы өтегеннен кейінгі күн ішінде уәкілетті органға осы соманың аударым жасалғандығы жөніндегі кастодиан банктің растамасымен бірге жібереді.

4-тарау. "Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі бір банктегі салымға, бір заңды тұлғаның жарғы капиталындағы қатысу үлесіне және кассадағы ақша қалдығына инвестициялары" 2 пруденциалдық нормативі

14. Бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарға, екінші деңгейдегі бір банктегі салымға, сондай-ақ меншікті активтерді инвестициялау кезінде осы Нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылуы мүмкін Қордың инвестициясының жиынтық мөлшері мына мәндерден аспауы тиіс:

1) екінші деңгейдегі бір банк эмиссиялаған бағалы қағаздарға, сондай-ақ осы банктегі салымдарға - мынадай талаптарды сақтаған кезде Қордың меншікті активтерінің он пайызы көлемінде:

осы инвестициялардың мөлшері банктің меншікті капиталының мөлшерінің отыз бес процентінен аспауы тиіс (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда) не осы банктің меншікті капиталының мөлшерінің елу процентінен аспауы тиіс, егер осы банк "BB-"-дан кем емес ұзақ мерзімді инвестициялық рейтинг бағасы бар ("Standard & Poor's" рейтинг агенттігінің жіктелімі бойынша) немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі бар болса;

екінші деңгейдегі бір банк бағалы қағаздарға эмиссиялаған инвестиция мөлшері банктің меншікті капиталының мөлшерінің жиырма бес процентінен аспауы керек (қаржы агенттіктері мен ипотекалық облигацияларды қоспағанда);

екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарға салынған инвестиция мөлшері банктің меншікті капиталының мөлшерінің жиырма процентінен аспауы керек;

Қордың банктің дауыс беруші акцияларының зейнетақылық және меншікті активтер есебінен жасалған инвестициялары осы банктің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он пайызынан кем болмауы тиіс;

2) екінші деңгейдегі банктің бағалы қағаздарына және екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын банктің аффилиирленген тұлғаларына, сондай-ақ осы банктегі салымдарға - осы тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацымен және 3) тармақшасының екінші абзацымен, 1) тармақшасының екінші абзацымен белгіленген шектеулерді сақтау шарты бойынша Қордың меншікті активтерінің көлемінің он пайызынан;

3) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитенттің облигациясына - Қордың меншікті активтері көлемінің он пайызынан;

бірақ осы эмитенттің меншікті капиталы мөлшерінің жиырма пайызынан артық емес (қаржылық агенттіктерінен, ипотекалық облигациялардан және мемлекеттің немесе қаржы агенттігінің кепілдігімен шығарылған облигациялардан басқа) немесе осы эмитенттің бір эмиссиясының

облигацияларының жалпы көлемінің (аталған шектердің қайсысы мейлінше кем болатындығына қатысты) жиырма бес пайызынан аспауы керек;

4) екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитент акциясында - Қордың меншікті активтерінің көлемінің он бес процентінен, бірақ осы эмитенттің дауыс беруші акцияларының жалпы санының он процентінен кем емес;

5) бір заңды тұлғаның жарғы капиталындағы қатысу үлесі Қордың меншікті активтерінің он бес процентінен аспайтын мөлшерде;

6) Қордың Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын және Алматы қаласының Өңірлік Қаржы Орталығының арнайы сауда алаңының ресми тізімін қоспағандағы және Қордың меншікті активтері көлемінің он пайызы мөлшерінде сауда-саттықты ұйымдастырушының ресми тізіміне енгізілген, бірақ осы басқарушы компанияның аралық пай инвестициялық қорының пай активтерінің он пайызынан аспауы тиіс;

7) "Standard & Poor' sprincipal stability fundratings" BBBm"-дан кем емес не "Standard & Poor's Fundcredit quality ratings" BBBf"-дан кем емес халықаралық рейтинг бағасы бар инвестициялық қорының пайларына, қордың меншікті активтерінің көлемінің он бес процентінен артық емес, бірақ осы инвестициялық қоры активтерінің он пайызынан аспайтын.

Ескерту: 14-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007.12.24. N 271 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

15. Қордың инвестицияларының жиынтық мөлшерін бір эмитенттің мемлекеттік емес бағалы қағаздарымен екінші деңгейдегі бір банктегі салымдарына салып, есептесу кезінде:

1) Қазақстан Республикасының резидент банкінің (эмитенттің) меншікті капиталы оның Қазақстан Республикасының банк қызметін реттейтін заңнамасына сәйкес баспасөз басылымында жарияланған соңғы тоқсандық балансы негізінде немесе Қазақстан Республикасының акционерлік қоғамдар туралы заңнамасымен не листингтік рәсімдерге сәйкес бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушы берген заңнамаға сәйкес анықталады.

2) шетелдік эмитенттің меншікті капиталы Reuters немесе Bloomberg V.L.P ақпаратты талдама жүйесінде немесе сауда жүйесінде осы бағалы қағаздар

бағасы белгіленетін бағалы қағаздардың сауда-саттығын ұйымдастырушының интернет желісіндегі сайтында немесе осы бағалы қағаздар эмитентінің сайтында орналасқан оның соңғы тоқсандық балансы негізінде анықталады;

3) бір-біріне қатысты аффилиирленген банктер бір банк болып танылады, сонымен қатар осы Нұсқаулықтың 14-тармағының 1) тармақшасының екінші абзацымен белгіленген шектеу осындай банктердің әр қайсысына қатысты қ о л д а н ы л а д ы ;

4) бір-біріне қатысты аффилиирленген, екінші деңгейдегі банктер болып табылмайтын эмитенттер бір эмитент ретінде танылады, сонымен қатар осы Нұсқаулықтың 14-тармағының 4) тармақшасының екінші абзацымен және 3) тармақшасының екінші абзацымен белгіленген шектеулер осы эмитенттердің әр қайсысына жеке қолданылады. Осы тармақшаның күші кредиттік бюро қатысушылары болып табылатын заңды тұлғаларға, сондай-ақ мемлекеттік акциялар пакеті (қатысу үлесі) "Қазақстандық "Самрұқ" мемлекеттік активтерді басқару холдингі" акционерлік қоғамына берілген заңды тұлғаларға, мемлекеттік акциялар пакетін (қатысу үлесін) иелену және пайдалану құқығы "Қазына" тұрақты даму қоры" акционерлік қоғамына берілген заңды тұлғаларға қолданылмайды.

16. Күннің соңындағы Қордың кассасындағы қалдық ақша мөлшері Қордың меншікті активтерінің он пайызынан аспауы тиіс.

Екінші деңгейдегі бір банктегі (өз араларында аффилиирленген тұлғалар болып табылатын екі және одан көп екінші деңгейдегі банктердегі) Қордың ағымдағы шоттарындағы ақшаның барынша жоғары ақша қалдығы Қордың меншікті активтері мөлшерінің он процентінен аспауы тиіс.

Ескерту: 16-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз) қаулысымен

17. Осы Нұсқаулықтың 14 және 15-тармақтарымен белгіленген нормалар уәкілетті орган белгілеген зейнетақы активтерін инвестициялау тәртібіне сәйкес Қордың сатып алуы мүмкін халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздарына қ о л д а н ы л м а й д ы .

Қордың инвестицияларының жиынтық мөлшерін екінші деңгейдегі банк болып табылмайтын эмитент облигацияларымен есеп айырысу кезінде облигациялардың номиналды құны пайдаланылады.

5-тарау. Пруденциалдық нормативтердің сақталуын бақылау

18. Қор осының алдындағы жұмыс күнінің соңындағы, сондай-ақ ағымдағы тікелей жұмыс күнінің алдындағы әр демалыс күнінің соңындағы жағдай бойынша әр жұмыс күні үшін есеп жасайды:

1) K_1 коэффициентінің мәніне;

2) жасалған инвестициялардың 2-пруденциалдық нормативіне сәйкестігіне.

19. K_1 коэффициенті мәнінің есептері және осы Нұсқаулықтың 1-5-қосымшаларының нысандары бойынша пруденциалдық нормативтер есебі үшін қосымша мәліметтерді Қор ай сайын электронды және қағаз тасымалдағыштармен уәкілетті органға есептіден кейінгі айдың бірінші күнгі жағдай бойынша осы айдың бесінші жұмыс күні Астана қаласының уақытымен 18-00-ден кешіктірмей береді.

Есептердегі деректер Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы - теңгемен көрсетіледі. Оларды жасау кезінде қолданылған өлшем бірліктері мың теңгемен белгіленеді. Бес жүз теңгеден кем сома нөлге дейін дөңгелектенеді, ал бес жүз теңгеге тең және одан артық сома мың теңгемен дөңгелектенеді.

20. Қағаз тасымалдағыштағы есептер мен қосымша мәліметтерге Қордың бірінші басшысы немесе есепке қол қоюға уәкілетті, бас бухгалтер қол қояды, мөрмен расталады және Қорда сақталады.

Ескерту: 20-тармаққа өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007.12.24. N 271 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулысымен.

21. Электронды тасымалдағыштағы есептер мен қосымша мәліметтер берілетін деректердің құпиялылығын және түзетілмейтіндігін қамтамасыз ететін криптографиялық құралдармен қорғалатын ақпаратты жеткізуге кепілдік берілген көлік жүйесін пайдалану арқылы жасалады.

22. Электронды тасымалдағышта ұсынылып отырған деректер мен қағаз тасымалдағыштағы деректердің дәлме-дәлдігін Қордың бірінші басшысы немесе оның орнындағы адам қамтамасыз етеді.

23. Осы Нұсқаулықтың 18-тармағында көрсетілген мәндер осы Нұсқаулық белгілеген пруденциалдық нормативтермен сәйкес келмеген жағдайда Қор уәкілетті органға бір күн ішінде осы сәйкессіздік фактісі мен себептері туралы оны жою жөніндегі іс-шаралар жоспарын қоса бере отырып, хабарлайды.

Осы Нұсқаулықтың 14-тармағының 1) тармақшасының екінші абзацымен белгіленген талаптар бұзылған жағдайда Қор осы тәртіп бұзуды өз жеке активтері есебінен жояды.

24. Қор бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызметтің жекелеген түрлерін жүзеге асырған жағдайда пруденциалдық нормативтердің есебі Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Бағалы қағаздар рыногында кәсіби қызмет түрлерін қоса атқаратын ұйымдарға арналған пруденциалдық нормативтерді есептеу ережесін бекіту туралы және Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының "Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2005 жылғы 27 тамыздағы N 310 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" 2006 жылғы 17 маусымдағы N 132 қаулысымен (Нормативтік құқықтық актілер тізілімінде N 4299 тіркелген) белгіленген ерекшеліктерді ескере отырып, жасалады.

Жинақтаушы зейнетақы қорларына арналған пруденциалдық нормативтердің нормативтік мәні, олардың есебінің әдістемесі туралы нұсқаулыққа

1-қосымша

Ескерту: 1-қосымшаға өзгерту енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасының 2007 жылғы 23 ақпандағы N 40 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз), 2007.12.24. N 271 (мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа енеді) Қаулыларымен.

Кредит тәуекелділігі

Баптардың атауы	Сомасы	Пайыздық тәуекел деңгейі	Есептік сомасы
I-топ			
Қолма-қол теңге		0	
Standard & Poor's агенттігінің "AA"-дан кем емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдің шетелдік қолма-қол валютасы		0	
Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары		0	
Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі салымдар		0	
Standard & Poor's агенттігінің "AA"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі			

рейтингі бар шет мемлекеттердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	0	
Мынадай халықаралық қаржы ұйымдарымен шығарылған бағалы қағаздар: Халықаралық қайта құру және даму банкі; Еуропа қайта құру және даму банкі; Америка аралық даму банкі; Халықаралық есеп айырысу банкі; Азиялық даму банкі; Африкалық даму банкі; Халықаралық қаржы корпорациясы; Ислам даму банкі; Еуропа Инвестициялық банкі.	0	
Standard & Poor's агенттігінің "AA"-дан төмен емес халықаралық рейтингісін иеленген немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар соның ішінде, Қазақстан Республикасының резидент емес банктерінде тазартылған қымбат металдар мен металл депозиттер	0	
базалық активтері I-тәуекел тобына енгізілген активтер болып табылатын фьючерс, опцион, своп, форвард	0	
I-тәуекел тобына енгізілген активтер бойынша есептелген сыйақы	0	
II топ		
Standard & Poor's агенттігінің "BBB"-дан төмен емес тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар және елдердің рейтингтік бағасына сәйкестігі жоқ елдердің шетелдік қолма-қол валютасы	20	
Standard & Poor's агенттігінің "A+"-дан "A-" дейін тәуелсіз рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар елдердің орталық үкіметтері шығарған мемлекеттік мәртебесі бар бағалы қағаздар	20	
Қазақстан Республикасының жергілікті атқарушы органдары шығарған бағалы қағаздар	20	
Халықаралық шәкіл бойынша Standard & Poor's агенттігінің "A"-дан төмен емес ұзақ мерзімді кредит рейтингісін иеленген немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар немесе Standard & Poor's ұлттық шәкіл бойынша немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейдегі рейтингі "kzAAA" төмен емес рейтингі бағасы бар, сабақтас банк резиденттері халықаралық шәкіл бойынша Standard & Poor's агенттігінің "AA"-дан төмен емес		

немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар ұзақ мерзімді кредит рейтингісін иеленетін еншілес банктік резиденттердегі, Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің салымдары	20	
Standard & Poor's агенттігінің "AA-" төмен емес халықаралық рейтингі бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейіндегі рейтингі бар шетелдік ұйымдары шығарған Мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздар	20	
